Шешім:

1. Жалпы орта мектепті бітіру аттестаты мен негізгі мектепті бітіру аттестатын тапсырып, табыстасын.

2. 2022-2023 оқу жылында ҰБТ-ке дайындық күшейтілсін.

Кеңес төрайымы: [signature] А.Т. Еникеева

Хатшы: [signature] М.Н. Бердалина

# Хаттама

## Педагогикалық кеңес отырысы

31.08.2022 ж.

№4 Хом

Қатысушылар – педагогикалық ұжым (тізім бойынша).

Кеңес төрайымы: А.Т. Еникеева

Хатшы: М.Н. Бердалина

Тақырыбы: „Білім берудің сапасы мен тиімділігін арттырудың жолдарын нәтижеге бағыттау".

Күн тәртібінде:

1. 2021-2022 оқу жылының қорытындысын талдау, жаңа оқу жылына қойылатын мақсат міндеттермен таныстыру.

2. 2022-2023 оқу жылын ұйымдастырудағы нормативтік-құқықтық актілері.

Scanned by TapScanner

3. 2022-2023 оқу жылының жұмыс оқу жоспарларын бекіту (жалпы және мектепалды даярлық, үйден оқыту, ерекше білімді қажет ететін білім алушыларға арналған жұмыс жоспарлары).

3.1. 2022-2023 оқу жылының оқу-тәрбие жұмыс жоспарын бекіту.

3.2. Педагогикалық жүктемені бөлу (мектеп үйірмелері, секциялары), жоспарларын бекіту,

4. Педагог қызметкерлердің педагогикалық жүктемесі мен жұмыс кестесін таныстыру, күнтізбелік жоспарды (вариативтік курстар) бекіту.

5. Мектепке 1, 10 сынып білім алушыларын қабылдау, ауыстыру және сабақ режимін, оқу жүктемесін бекіту.

6. Инклюзивті, арнайы білім беруді қамтамасыз ету үшін білім алушылардың үлгерімдері мен психология-педагогикалық ерекшеліктері туралы мәліметтер негізінде білім алушылардың жеке басының ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие және түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру.

7. Педагогтарды аттестаттау жұмыстарын үйлестіру, біліктілік курстардан өту тізімін бекіту.

8. Жаңа қызметке алған келген педагогке бір оқу жылы кезеңіне бекітілетін тәлімгерді анықтау.

9. Қосымша міндеттер жүктеу туралы бұйрықпен таныстыру.

Тыңдалды:

1. Мектеп директоры А.Т. Енкеева 2021-2022 оқу жылының қорытындысы талдап, жаңа оқу жылына қойылатын мақсат міндеттермен таныстырды:

- білікті жеке тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған үлгілік оқу бағдарламаларын меңгеру арқылы білім алушылардың функциялық сауаттылығын дамытуға жағдайлар жасау;
- білім алушылардың тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген ғылымдардың базистік негіздерін алуын қамтамасыз ету;
- PIZA, TIMSS, PIRLS халықаралық зерттеулерге дайындық арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жұмыстарын ұйымдастыру;
- ұлттық құндылықтар мен отбасы құндылықтары негізінде мектеп, отбасы және қоғам арасында үйлесімділік қарым-қатынасты жетілдіру жұмыстарын ұйымдастыруды қамтамасыз ету;
- жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімі мүмкіндіктерін дамыту, адамгершіліктің және салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;
- азаматтылыққа және патриотизмге, өз Отаны-ҚР-на сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді және қазақ тілін құрметтеуге, халық дәстүрлерін қадірлеуге,

Scanned by TapScanner

Конституцияға қарсы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеушілікке тәрбиелеу;
- білім алушылардың ғылыми ізденушілік, жобалау-зерттеу жұмыстарына, шығармашылық байқауларға қатысымын арттыру, негізгі пәндер бойынша пәндік олимпиадаға оқушылардың сапалы дайындықпен қатыстыруды қамтамасыз ету;
- белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономика-лық және мәдени өміріне араласу қажеттіліктерін, жеке тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;
- отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктері баулу, қазақ халқының және ҚР-да тұратын басқа да ұлттардың тарихы, әдет-ғұрпы мен дәстүрлері үйрету арқылы рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту;
- барлық оқушылардың ерекше білім беруге қажет тіліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге жағдайлар жасау.

2. 2022-2023 оқу жылын ұйымдастырудағы норма-тивтік-құқықтық актілері туралы мектеп директоры Еликеева А.П. айтып өтті:

Жаңа оқу жылында білім беру процесін ұйымдас-тыру кезінде „Білім туралы", „Педагог мәртебесі туралы", „ҚР-дағы Баланың құқықтары туралы"

ҚР-ның Заңдарын басшылыққа алып және оқу-тәрбие
процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде
жүзеге асыруы тиіс:

– „Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың,
бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық
және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің
мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын
бекіту туралы" (ҚР Білім және ғылым министрінің
2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы);

– „ҚР-да бастауыш, негізгі орта, жалпы орта
білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы
(ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы);

– „Жалпы білім беру ұйымдарына арналған
жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен
факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарлама-
ларын бекіту туралы" (ҚР БҒМ 2013 жылғы
3 сәуірдегі №115 бұйрығы);

– „Білімді ұлт" „Сапалы білім" Ұлттық жобасын
бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы
№726 бұйрығы;

– „Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақыл
аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілі
ережелерін бекіту туралы" (ҚР БҒМ 2008 жылғы
18 наурыздағы №125 бұйрығы);

– „Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулық-
тардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру
ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оқы

Scanned by TapScanner

ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы" (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығы);

– „Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту" (ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы №596 бұйрығы);

– „Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы);

– „Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" (ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығы);

– „Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" (ҚР БҒМ 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығы);

Scanned by TapScanner

– „Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы“ (ҚР БҒМ 11.11.2021 ж. №559 бұйрығы);

– „Мамандандырылған білім беру ұйымдарының желісін және дарынды балалармен жұмыс жөніндегі оқу-әдістемелік кеңес туралы ережені бекіту туралы“ (ҚР БҒМ 1.07.2015 ж. №428 бұйрығы);

– „Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы“ (ҚР БҒМ 20.03.2015 ж. №137 бұйрығы)

– „Білім беру объектілеріне қойылатын санитарилық-эпидемиологиялық талаптар“ санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 5.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

– „Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы“ (ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы)

– „Орта білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілі туралы ережені бекіту туралы“ (ҚР БҒМ 12.01.2016 ж №18 бұйрығы);

– „Жеңімпаздар, жүлдегерлер және оларды дайындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен марапатталатын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың тізбесін бекіту туралы“ (ҚР оқу-ағарту министрінің 20.07.2022 ж. №333 бұйрығы);

– „Үздік педагог“ атағын беру қағидаларын бекіту тура (ҚР БҒМ 16.01.2015 ж. №12 бұйрығы)

Scanned by TapScanner

3. Директордың оқу ісінің орынбасары Құрманбаева Г.Т. 2022-2023 оқу жылының жұмыс оқу жоспарларын, оқу ішінде жалпы және мектепалды даярлық, үйден оқыту, ерекше білімді қажет ететін білім алушыларға арналған жұмыс жоспарларын бекіту туралы ақпараттармен бөлісті.

Мақсаты: білім алушылардың ғылым негіздері бойынша базалық білімін қалыптастыру, оқу, жобалау, зерттеушілік іс-әрекеттерін жүзеге асыру дағдыларын дамыту, өзін-өзі іске асыру және тұлғалық өзін-өзі дамыту дағдыларын қалыптастыру, қоғам өміріне бейімдеу, кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдауға және меңгеруге тәрбиелеу.

3.1. Сонымен қатар директордың оқу ісінің меңгерушісі Құрманбаева Г.Т. 2022-2023 оқу жылының оқу-тәрбие жұмыс жоспарын бекіту туралы айтты.

3.2. Директордың оқу ісінің меңгерушісі Құрманбаева Г.Т. педагогтердің педагогикалық жүктемелерін бөліп, үйірмелер мен секциялардың жоспарларын бекіту жөнінде айтып кетті.

4. Құрманбаева Г.Т. - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары. педагог қызметкерлердің педагогикалық жүктемесі мен жұмыс кестесімен таныстырды. Күнтізбелік жоспарлар мен вариативтік курстарды бекітіп, дайындауды ұсынды.

Scanned by TapScanner

5. Мектепке 1, 10 сынып білім алушыларын қабылдау, ауыстыру және сабақ режимін, оқу жүктемесін бекіту – Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары. Мектепке білім алушыларды қабылдау "Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығының "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік қызметті көрсету стандарты 1-қосымшасы негізінде жүргізіледі. Сонымен қатар сабақ режимін, оқу жүктемесін айтып өтті.

6. Инклюзивті, арнайы білім беруді қамтамасыз ету үшін білім алушылардың үлгерімдері мен психология-педагогикалық ерекшеліктері туралы мәліметтер негізінде білім алушылардың жеке басының ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие және түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру туралы мектеп психологы Рахимжанова А.Р. сөз сөйледі. Мектебімізде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс бірнеше бағыттар бойынша жүргізілетіндігін айтты. Мектепте инклюзивті біли

Scanned by TapScanner

беру ортасын қалыптастыру мақсаты оқушылардың ерекше білім берілуіне қажеттіліктерін қанағаттандыру ғана емес, сонымен қатар әр баланың сапалы білім алу құқығын іске асыру үшін қабілеттерін, шығармашылық әлеуетін дамыту үшін жағдай жасау болып табылатындығын атап көрсетті.

7. Педагогтарды аттестаттау жұмыстарын үйлестіру, біліктілік курстардан өту тізімін бекіту туралы директордың әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары Тұрғымбаева А.М. сөз сөйледі.

Педагогтарды аттестаттау „Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы №561 бұйрығы негізінде жүргізіледі. Біліктілік курстарынан өту тізімі жаңартылып, перспективалық жоспарға түзетулер енгізілгендігін айтып өтті.

8. Жаңа қызметке алғаш келген педагогке бір оқу жылы кезеңіне бекітілетін тәлімгерді анықтау жөнінде директордың әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары Тұрғымбаева А.М. таныстырып өтті.

„Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылдың 21 ақпандағы №57 бұйрығы негізінде педагогтер

Scanned by TapScanner

[illegible]
ішінде жаңа қызметке алғаш келген педагогтерге бір оқу жылы кезеңіне „Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылдың 24 сәуірдегі №160 бұйрығы негізінде тәлімгерлер бекітілді, жұмыс жүргізіледі.

9. Қосымша міндеттер жүктеу туралы бұйрық-пен директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Құрманбаева Г.Т. таныстырып өтті.

Шешім:

1. Жаңа оқу жылына қойылған мақсат-міндеттерді ескере отырып, жұмыс жүргізілсін.
2. 2022-2023 оқу жылына ұйымдастырудағы нормативтік-құқықтық актілер бойынша жұмыстар жүргізілсін.
3. 2022-2023 оқу жылының жұмыс оқу жоспарлары бекітілсін.
4. Жалпы және мектепалды даярлық, үйден оқыту, ерекше білімді қажет ететін білім алушыларға арналған жұмыс жоспарлары бекітілсін.
5. Жаңа оқу жылына оқу-тәрбие жұмыс жоспары бекітілсін.
6. Педагогикалық жүктемелер бөлініп, педагогтер таныстырылып, күнтізбелік жоспарлар дайындалып бекітілсін.
7. Үйірмелер мен секциялар жоспарлары бекітілсін.

Scanned by TapScanner

8. Мектепке білім алушыларды қабылдау сәйкесінше нормативтік-құқықтық актке байланысты қабылдансын. Сабақ режимі, оқу жүктемелері бекітілсін.

9. Инклюзивті, арнайы білім беруді қамтамасыз ету үшін білім алушылардың үлгерімдері мен психология-педагогикалық ерекшеліктері туралы мәліметтер негізінде білім алушылардың жеке басының ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие және түзету-дамыту жұмыстары жүргізіле берсін.

10. Педагогтерді аттестаттау жұмыстары әрі қарай жүргізілсін.

11. Біліктілік курстардан өту тізімі бекітілсін.

12. Кәсіби қызметке алғаш келген педагогтерге бір оқу жылы кезеңіне тәлімгерлер бекітілсін.

13. Қосымша міндеттер жүктелген қызметкерлер әрі қарай жұмыстансын.

Кеңес төрайымы: Ж.Т. Ешкеева

Хатшы: М.Н. Бердалина

Scanned by TapScanner

Жоспарға сәйкес 31 тамыз айында №1 Педагогикалық кеңесте «Білім берудің сапасы мен тиімділігі арттырудың жолдарын нәтижеге бағыттау» мазмұны бойынша төмендегідей мәселелер қаралды:

1.2021-2022 оқу жылының қортындысын талдау, жаңа оқу жылына қойылатын мақсат міндеттермен таныстыру.

2.2022-2023 оқу жылын ұйымдастырудағы нормативтік – құқықтық актілері.

3.2022-2023 оқу жылының жұмыс оқу жоспарларын бекіту (жалпы және мектепалды даярлық, үйден оқыту, ерекше білімді қажет ететін білім алушыларға арналған жұмыс жоспарлары)

3.1.2022-2023 оқу жылының оқу-тәрбие жұмыс жоспарын бекіту.

3.2. Педагогикалық жүктемені бөлу (мектеп үйірмелері, секциялары), жоспарларын бекіту.

4.Педагог қызметкерлердің педагогикалық жүктемесі мен жұмыс кестесін таныстыру, күнтізбелік жоспарды (вариативтік курстар)бекіту.

5.Мектепке 1,10 сынып білім алушыларын қабылдау, ауыстыру және сабақ режимін, оқу жүктемесін бекіту.

6.Инклюзивті, арнайы білім беруді қамтамасыз ету үшін білім алушылардың үлгерімдері мен психология-педагогикалық ерекшеліктері туралы мәліметтер негізінде білім алушылардың жеке басының ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие және түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру.

7.Педагогтарды аттестаттау жұмыстарын үйлестіру, біліктілік курстардан өту тізімін бекіту.

8. Кәсіби қызметке алғаш келген педагогке бір оқу жылы кезеңіне бекітілетін тәлімгерді анықтау мәселелері қаралды.

9. Қосымша міндеттер жүктеу туралы бұйрықпен таныстыру.







Scanned by TapScanner